

ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ ЕКІ ТАРАПТЫҚ КЕЛІСІМДЕР НЕГІЗГІНДЕГІ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Жұмыс істеп келе жатқан жылдар ішінде ҰЗМИ тұрақты негізде халықаралық ұйымдармен, сондай-ақ өңірлік және ұлттық патенттік ведомстволармен екіжақты негізде өзара іс-қимылды кеңейтіп және нығайтып келеді. Қазіргі уақытта ол ынтымақтастық туралы сегіз меморандум жасасты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК мен Еуразиялық патенттік ұйым арасында Еуразиялық патенттік-ақпараттық жүйені пайдалану туралы келісімге қол қойылды.

2015 жылғы 7 қазанда Женева қаласында (Швейцария) ДЗМҰ-ға мүше мемлекеттер Ассамблеясы отырысының 55-ші сериясының жұмысы шеңберінде **ҰЗМИ мен Француз Республикасының Ұлттық өнеркәсіптік меншік институты (INPI) арасында ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы меморандум** жасалды.

ҰЗМИ атынан Меморандумға директор С. Бекенов, INPI атынан директор И. Лапьер қол қойды.



ҰЗМИ мен INPI арасында ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюға қатысушылар

Меморандумды іске асыру жөніндегі жұмыс жоспарына сәйкес ынтымақтастық зияткерлік меншіктің түрлі объектілеріне өтінімдерге сараптама жүргізудің құқықтық және практикалық аспектілері бойынша бірлескен іс-шаралар шеңберінде, сондай-ақ ақпараттық-талдамалық материалдармен, зияткерлік меншік саласындағы нормативтік-құқықтық актілермен алмасу деңгейінде жүзеге асырылады.

2015 жылы ҰЗМИ-ға екі жұмыс сапарымен ГН және ТШЖА қорғау мәселелері бойынша INPI делегациясы келді. ҰЗМИ-ға ресми сапар шеңберінде құқықтық және халықаралық істер басқармасының құқықтық аспектілер жөніндегі кеңесшісі К. Пельтиенің және географиялық нұсқамалар бөлімінің басшысы А. Гинестэнің қатысуымен семинар ұйымдастырылды. 2016 жылы ҰЗМИ өкілдерінің INPI-ге жауап сапары ұйымдастырылды, онда француз тарапы оның қызметінің негізгі бағыттары бойынша егжей-тегжейлі ақпарат берді. 2019 жылы ҰЗМИ қызметімен танысу мақсатында Қазақстан Республикасындағы Франция Елшілігінің Зияткерлік меншік мәселелері жөніндегі өңірлік кеңесшісі Н. Эмери ҰЗМИ-ға сапармен келді. Кездесу барысында ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелері талқыланып, бұл бағыттағы жұмыстар әлі күнге дейін сәтті жүргізіліп келеді.

2016 жылғы 16 мамырда **ҰЗМИ мен Кореяның Зияткерлік меншік ведомствосы (КЗМВ) арасында ҰЗМИ автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жетілдіру және дамыту бойынша өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум** жасалды.

2016 жылы Корея зияткерлік меншік ведомствосының (КЗМВ) және Корея патенттік ақпарат институтының (КПАИ) өкілдері Қазақстанға ресми сапармен келді. Сапардың мақсаты зияткерлік меншік саласындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында ынтымақтастық орнату болды.

Сапар аясында Корея тарапы зияткерлік меншікті басқарудың автоматтандырылған жүйесін жетілдіру бойынша FS жобасының (Feasibility Project) тұсаукесерін өткізді.

Кездесу қорытындысы бойынша ҰЗМИ мен КЗМВ арасында «ҰЗМИ» ААЖ автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жетілдіру және дамыту бойынша өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандумға Тэджон қаласында ҰЗМИ атынан директор С. Бекенов, КЗМВ атынан комиссар Чой Донгю қол қойды.



ҰЗМИ мен КЗМВ арасында «ҰЗМИ» ААЖ жетілдіру бойынша өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою сәті

2016 жылғы 8 желтоқсанда **ҰЗМИ мен АҚШ Патенттер мен тауар белгілері жөніндегі ведомство (USPTO) арасында екіжақты ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандум** жасалды.

2016 жылы Астана қаласында Зияткерлік USPTO саясаты және қорғау мәселелері жөніндегі басқармасының сенімді кеңесшісі Н. Омэлко мен Қазақстан Республикасындағы АҚШ Елшілігінің экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесшісі П. Хорн Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі және ҰЗМИ өкілдерімен кездесіп, Меморандумға қол қойды.

ҰЗМИ атынан Меморандумға директор С. Бекенов, USPTO атынан сенімді кеңесші Н. Омэлко қол қойды.

Меморандум бойынша ынтымақтастықтың негізгі бағыттары:

- инновациялар мен экономикалық өсуді ілгерілетудегі зияткерлік меншіктің рөлі; зияткерлік меншікті сатып алу, пайдалану, күзету және қорғау; зияткерлік меншік саласындағы білім беру және жұртшылықты хабардар ету науқандары тақырыптарында бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру;

- сарапшыларды оқыту, сондай-ақ озық тәжірибемен алмасу;

- ақпарат және озық тәжірибе алмасу, соның ішінде зияткерлік меншік саласында қызмет көрсету.



*ҰЗМИ мен USPTO арасында ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы
Меморандумға қол қою сәті*

Меморандум аясында 2018 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен ҰЗМИ делегациясының USPTO-ға жұмыс сапары болды. Сапар аясында USPTO директоры А. Ианкумен кездесу өтті. Басшылар екі ведомство қызметінің нәтижелерін, өзара іс-қимылдың өзекті мәселелерін және екіжақты ынтымақтастықты кеңейтудің болашағын талқылады. Сондай-ақ қазақстандық делегацияның USPTO патенттік сараптама жөніндегі комиссарының орынбасары Р. Бармен және USPTO саясат және халықаралық қатынастар бөлімінің патенттік сенімді өкілі К. Хеннонмен IT-шешімдерді патенттеу мәселелерін талқылау бойынша кездесуі болды. Ақпарат бөлімінің статистика және портфолио маманы Т. Бичпен кездесу барысында USPTO жасанды интеллект құралдарын қолдану тәжірибесі зерттелді. Қазақстандық делегация америкалық тарапты Қазақстан Республикасындағы зияткерлік меншік объектілерін тіркеудің негізгі қағидаттарымен, сондай-ақ оларға көрсетілетін қызметтерді цифрландыру бойынша ҰЗМИ қызметінің өзекті бағыттарымен таныстырды.

2019 жылы құрамында Федералды округтік сот судьялары, АҚШ Әділет министрлігінің Компьютерлік қылмыс және зияткерлік меншік бөлімінің аға заң кеңесшісі Мэтью А. Ламберти, сондай-ақ USPTO Саясат және халықаралық қатынастар басқармасының аға кеңесшісінің м.а. Д. Блэнк болған АҚШ делегациясы ҰЗМИ-ге сапармен келді. Тараптар зияткерлік меншік объектілерін қорғау және сот практикасы бойынша өзекті мәселелерді талқылады.

2017 жылғы 10 қыркүйекте ДЗМУ мен Қытай Халық Республикасының Зияткерлік меншік жөніндегі мемлекеттік ведомствосы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі арасында ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

2016 жылы ҰЗМИ өкілдері Пекин қаласында өткен Жібек жолы экономикалық белдеуі елдері үшін зияткерлік меншік мәселелері бойынша жоғары деңгейдегі конференцияға қатысты.

2016 жылдың соңында Пекин қаласында өткен зияткерлік меншік саласындағы стратегия мен саясат бойынша жоғары деңгейдегі Азиялық аймақтық семинарға ҰЗМИ өкілдері қатысты.

2017 жылы комиссар Шын Чаню бастаған ҚХР Зияткерлік меншік жөніндегі мемлекеттік ведомствосы делегациясы Астана қаласына сапармен келіп, оның шеңберінде Меморандумға қол қойылды.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің атынан меморандумға директор, министрдің орынбасары Э. Әзімова және ҰЗМИ директоры Е. Оспанов, Қытай тарапынан Комиссар Шын Чаню қол қойды.



Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, ҰЗМИ және Қытай Халық Республикасының Зияткерлік меншік жөніндегі мемлекеттік ведомствосы арасындағы Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қоюға қатысушылар

2018 жылы ҰЗМИ өкілдері Чжэнчжоу қаласында Қытайдың Мемлекеттік зияткерлік меншік ұйымының Оқу орталығы ұйымдастырған «Бір белдеу және бір жол» жобасының шеңберінде патенттік жүйе және сараптама бойынша семинар жұмысына қатысты. Семинар аясында Қытайдың патенттік жүйесі, сараптама сапасын патенттік бақылау, бұлтты патенттік сараптама жүйесі, Қытайдың іздеу жүйелері және Қытайдың зияткерлік меншік стратегиясы талқыланды.

Сондай-ақ 2018 жылы ҰЗМИ делегациясы Пекин қаласында өткен «Бір белдеу – бір жол» атты зияткерлік меншікті қорғау жөніндегі жоғары деңгейдегі конференцияға қатысты. Конференцияға ДЗМҰ, ЕАПҰ, әлем елдерінің Ұлттық зияткерлік меншік ведомстволарының басшылары қатысты.

2019 жылы ҰЗМИ өкілі Ченду қаласында Қытай Ұлттық зияткерлік меншік басқармасы (СНІРА) ұйымдастырған зияткерлік меншік мәселелері бойынша «Бір белдеу – бір жол 2019» бағдарламасына қатысып, ҰЗМИ қызметіне шолу жасады.

СНІРА өкілдері – Фармацевтика және биотехнологиялық зерттеулер департаментінің бас директоры Фэн Сяобин және Қытай Ұлттық зияткерлік меншік басқармасы Патенттік сараптама департаментінің Сараптама жөніндегі нұсқаулық бөлімінің директоры Чжоу Хубин 2019 жылы қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында Еуразиялық патенттік конвенцияға Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттаманы қабылдау жөніндегі Дипломатиялық конференция жұмысына қатысты.

2021 жылғы 5 қаңтарда ҰЗМИ мен Түрік ведомствосы арасында патенттер мен тауар белгілері бойынша өзара ынтымақтастық туралы Меморандум жасалды.

2020 жылы ҰЗМИ делегациясы жұмыс сапарымен Анкара қаласындағы Түркия патенттік және тауар белгілері жөніндегі ведомствосына (TURKPATENT) барып, TURKPATENT Президенті Хабиб Асанмен кездесті. Тараптар екі мемлекеттің патенттік жүйелерінің ағымдағы дамуы туралы тәжірибе мен ақпарат алмасты, сондай-ақ 2021 жылы қол қоюға жоспарланған «ҰЗМИ» РМК мен TURKPATENT арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум шеңберіндегі екіжақты ынтымақтастық бағыттарын талқылады.

2021 жылы ҰЗМИ Түркия ведомствосымен патент және тауар белгілері бойынша ынтымақтастық туралы Меморандумға бейнеконференция байланысы форматында қол қойды.

ҰЗМИ атынан Меморандумға директор Е. Оспанов, TURKPATENT атынан Президент Хабиб Асан қол қойды.


Құжат ведомстволар арасында тәжірибе алмасуға, сарапшыларды оқытуға, сондай-ақ зияткерлік меншік саласындағы ағартушылық және білім беру қызметіне қатысуға бағытталды.

Бүгінде ынтымақтастық ведомстволар арасында тәжірибе алмасу бағытында, сондай-ақ ағартушылық және білім беру қызметі саласында жалғасуда.

2021 жылғы 6 сәуірде бейнеконференцбайланыс форматында **Ұлттық зияткерлік меншік институты мен Еуропалық одақтың зияткерлік меншік ведомствосы (EUIPO) арасында екіжақты ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды.**

ҰЗМИ атынан Меморандумға директор Е. Оспанов, EUIPO атынан директордың міндетін атқарушы К. Аршамбо қол қойды.

Меморандум зияткерлік меншік саласындағы жүйелер мен қызметтерді жетілдіру мақсатында зияткерлік меншікті басқару саласындағы ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуға бағытталды.



ҰЗМИ мен EUIPO арасындағы екіжақты ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қою сәті

Қазіргі уақытта ведомстволар тауар таңбалары мен өнеркәсіптік үлгілерді сараптау рәсіміне байланысты екіжақты ынтымақтастықты жүзеге асыруда.

2021 жылы ҰЗМИ қызметкерлерінің EUIPO өкілдерімен алғашқы жұмыс бейнеконференция байланысы өтті. Жұмыс кездесуі Меморандум міндеттерін жүзеге асыру аясында өткізілді. Тараптар зияткерлік меншік саласында түрлі қызметтер ұсыну бойынша жүйелерді жетілдіру мәселелерін талқылады.

2021 жылғы 21 шілдеде **ҰЗМИ мен Беларусь Республикасының Ұлттық зияткерлік меншік орталығы арасында өзара түсіністік туралы Меморандум жасалды.**

ҰЗМИ атынан бейнеконференция байланысы форматындағы Меморандумға директор Е. Оспанов, Беларусь тарапынан В. Рябоволов қол қойды.

Меморандум аясындағы өзара іс-қимыл 2022 жылдан бастап қарастырылған.

2021 жылғы 20 қазанда **ҰЗМИ мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік зияткерлік меншік және инновациялар агенттігі (Қырғызпатент) арасында өзара түсіністік туралы Меморандум жасалды.**

ҰЗМИ атынан бейнеконференция байланысы форматындағы Меморандумға директор Е. Оспанов пен Қырғызпатент атынан директор Р. Керимбаева қол қойды.

Құжат ведомстволар арасында тәжірибе алмасуға, сарапшыларды оқытуға, сондай-ақ зияткерлік меншік саласындағы ағартушылық және білім беру қызметіне қатысуға бағытталды.



ҰЗМИ мен Қырғызпатент арасында өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қою сәті

2021 жылғы 11 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласында ЕАПВ президенті С. Тлевлесова және ҰЗМИ директоры Е. Оспанов Еуразиялық патенттік-ақпараттық жүйені (ЕАПАТАЖ) пайдалану туралы келісімге қол қойды.



ЕАПВ президенті С. Тлевлесова және ҰЗМИ директоры Е. Оспанов ЕАПАТАЖ-ны пайдалану туралы келісімге қол қойғаннан кейін

Келісімнің мақсаты ҰЗМИ-дің ЕАПАТАЖ жүйесіне қол жеткізуін ұсыну жолымен патенттік іздеу жүргізудің және өнертабыстарға өтінімдер сараптамасының патенттік-ақпараттық қамтамасыз етілуінің тиімділігі мен сапасын арттыру болып табылады.

2023 жылғы 11 шілдеде Женевада өткен ДЗМҰ Бас Ассамблеясының 64-ші сессиясының аясында ҚазПАТЕНТ делегациясы одан әрі ынтымақтастықтың болашағы туралы бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.



*ҰЗМИ мен UKIPO арасындағы ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы
Меморандумға қол қою*

Казпатент пен Жапон Патенттік ведомствосы (JPO), Британдық патенттік ведомство (UKIPO) және Әзірбайжан Патенттік ведомствосы (SOPAT) арасында ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды.